

ДҮКЕНБАЙ ДОСЖАН



АБАЙ АЙНАСЫ



ДУКЕНБАЙ ДОСЖАН

АБАЙ АЙНАСЫ

Ғұмырнамалық зерттеу-эссе

АЛМАТЫ
“ҚАЗАҚСТАН”
1994

ББК 83.3 КАЗ
Д 64

Редакторы Мәткерім Әкімжанов

Досжан Д.
Д 64 Абай айнасы. — Алматы: Қазақстан, 1994 —
368 бет.
ISBN 5-615-01495-4

Сөзді өріден бастауға тура келді. „Абай мен Байрон“ тарауы әл-Фараби университетіндегі диплом жұмысым еді, осы кітапқа арналып қайта жазылды. араб тілінің маманы, „Құранның“ аудармашысы Нұрәлі Өсерұлымен пікір сайысы, ойласу, сырласу үстінде ақынның діни пәлсапасы туралы „Абай діні“ дүниеге келді. „Ақынның тұқым-туяғы“ жазылуына Тұрағұлқызы Мәкен-апа себепкер болды. Мұнда өзге зерттеушілерге ұқсап Абай өлеңінен үзінді алып „мынасы ғажайып еді“, „ақын осыны мегзейді“ дегендей таң қалып мадақ айтуды таппайсыз. Ғалым ағайындар барып жүрген түсінік-текстологиялық барлау да емес, уақыт-төреші өзі сарапқа салатын өткінші айтыс, таласқа да ат басын іріккеніміз жоқ. Сонда бұл не?

Абай әлемі — жанның тамағы, жанның жарығы, жүрек сауыты, ақыл қыры, адам саумақ, жүрек айнасы, жан қуаты секілді таным сипаттарына еніп, ақын рухымен іштей шүйіркелесу. Әрі Абай өмірінің ақтаңдақ тұстарын соңғы кезде табылған Тұрағұл, Көкітай, Ахат деректерімен өрнектеу. Жанры — жаңа заман биігінен ақын өміріндегі кезеңді оқиғаларға табан тірей отырып Абай болмысын ғұмырнамалық, пәлсапалық зерттеу десек болады.

Көпшілік оқырманға арналады.

Д 4603020102 — 24
401(05) — 94 47.94

ББК 83.3 Каз

ISBN 5-615-01495-4

© Досжан Д., 1994

“Абайдың өлген күнінен қанша алыстасақ, рухына сонша жақындармыз... Бірінші ақынымыз деп қабіріне халқы жиі-жиі зиарат етер, халық пенен Абай арасы күшті махаббатпен жалғасар. Ол күндерді біз көрмеспіз, бірақ біздің рухымыз сезер, қуанар”

Міржақып Дулатұлы

Осы кітапты жазар алдында 1993 жылдың наурыз айының басында Жидебайға, Абай бейтіне барып, шығыс жақ жаңа ғана сөгіліп таң шапағы біліне бастаған мезет қос тізерлеп отырып, құран оқып, қол жайып бет сипағаным сол еді. Қабірдің зіл қаратасы жаймен қозғалғандай болып, сытыр еткен дыбыс естіліп, айнаға түскендей елес боп, бу боп ақын сұлбасы көз алдыма келе қалғаны. Құданың құдіреті. Кәдімгі тірі адам сыйпатына еніп Абай тіл қатқаны.

— Бұл не шу?

Қапелімде сасып қалдым. Абайдың қабағы салыңқы, түйіліп тұр.

— Бұл неғылған шу? Неге аруағымды атап маза бермейсіңдер?!

— Егеменді ел боп, жұрт қатарлы мерейтойыңызды өткізіп, аруағыңызды риза етсек деген ойымыз ғой, зерттеу жазып, жер жүзінің зиялыларын шақырып алашапқын болып жүргеніміз рас, ақын ата.

Ақынның түйілген қабағы жазылар емес.

— Мерейтой өткіз деген мен бе екем. Өз бойларыңды, өз шамаларыңды түзеп алмай жатып о дүние төрінде тыныш жатқан менің сай сүйегімді сырқыратқандағы сылтауларын: аруағымды риза ету емес, атақ, даңғазаға құмар кісілердің, өзгенің атымен өзінің көшін түзеп алғысы келіп жүрген игі жақсылардың шуылы ма деп қорқам. Бірлік, шын пейіл таусылмасын, қазақ байғұстың жүрек айнасы таза боп, ақыл қыры әралуан елдің жақсыларымен салыса білсін деп батамды беремін ендеше!



Абайдың тұқым-туямы

Кол жазуды ермек ет, жатпа бекер,
Бұл көңілсіз дүниеден көп жыл өтер.
Өзі қысқа, өзі асау тентек өмір,
Арттағыға бір белгі қалса нетер.

Абайдың шыққан тегі туралы біршама дүниелер жазылған. Ішінде бұрысы да, дұрысы да бар. Солардың арасында ең беделдісі, әрі толығырақ жазылғаны Шәкәрім Құдайбердіұлының “Түркі, қырғыз, казак һәм хандар шежіресі” деп аталатын еңбегі. Бұл еңбектің “Орта жүздегі Арғынның рулары” деген тарауда көптеген мәліметтер, деректер келтірілген. Біз соның Абайға қатысты бұтағын ғана бойлап, жіктеп, жіліктеп ақынның арғы бабаларынан біраз мәлімет бере кетуді жөн көрдік.

“Тобықтыны Ордың кара ағашынан осы жерге шейін бастап келген осы Мамай батыр еді” деп жазады Шәкәрім қажы өз шежіресінде. Кішіктің тоқалынан екі бала болған, бірі Әнет, екіншісі Әйтек. Әнет бабаң атанып жеті жарғы деген бидің бірі болған және Сырдан ауғанда Ақтабан шұбырындыда 97 жасында жүре алмай қалған осы Әнет бабаң еді. Жоғарғы Әйтектің бәйбішесінен — Олжай, тоқалынан Байбөрі, Қалқаман. Мәмбетайлардан бір Мамыр деген қызды алып қашып алып, сол қуғыншыларға садақпен атуға бұйырылып, садақ кара санына тиіп өлмей қалып Әнет бабаңа өкпелеп Бұхар маңындағы елге барыпты. Тұқымы бар деп естиміз”. Қазіргі Алматы түстігіндегі Қалқаман, Мамыр деп аталатын жер аттары сол ел жуандарына өкпелеп ауып бара жатқан екі ғашықтың есіміне қойылған атаулар болар деп болжам жасаймыз (Д. Д. автор). Жоғарғы Олжайдың үш баласы Айдос, Қайдос, Жігітек. Қайдостың баласы Бөкенші, Борсық. Бөкеншінің алты баласы Байгөбек, Жангөбек, Жанғабыл, Жанак, Тұмарбай, Қуандық. Борсықтың бес

баласы Егізбай, Сегізбай, Жазыбай, Қазыбай, Алма. Жігітектің бәйбішесінен Кеңгірбай би, Жоғарғы Айдостын төрт баласы Ырғызбай, Торғай, Топай, Көтібақ. “Жоғарғы Ырғызбай біздің төртінші атамыз һәм Абылай ханмен жолдас болған кісі”, — деп жазады Шәкәрім қажы. Ырғызбайдың төрт баласы болған, олар — Өскенбай, Өсер, Мырзатай, Жортар. Жоғарыдағы Кеңгірбай бидің орнына Өскенбай би болған. Оның бәйбішесінен біздің үлкен атамыз Құнанбай хажы марқұм жалғыз. Оның үлкен қатынынан менің әкем Құдайберді марқұм жалғыз еді. Ол кісі 1866 жылы, барыс жылы 37 жасында сәуір айында дүниеден өтті, мен 8 жасымда жетім қалдым”, — деп жазады Шәкәрім қажы.

Абайдың, әрі Шәкәрімнің әкесі Құнанбай 1804 жылы дүниеге келіп, 81 жасында, яғни 1885 жылы тамыз айында дүниеден көшеді.

Құнанбай өзінің мағналы ұзақ өмірінде көп іс тындырған, соңына ізгілікті із қалдырған, әрі ақылды, өжет кісі болған. Шешесі Зере айтты деген мынадай сөз бар. Бойына бала бітерде түс көріпті. Түсінде: жұбайы, пірі Өскенбай кең алаша үстінде малдас құрып алып алтын сақаны иіріп отыр екен. Алтын сақа — ғайыптағы аңның құлжасынан алынған білем. Алаша үстіне тәйкесінен түскен сайын маңайына жарық сәуле шашатын көрінеді. Жорыған кісілер: бойыңа біткен қошқардай ұл, сол ұл есейе келе елді соңына ілестіреді депті.

Түстегі арқар сақадан өмірдегі алаша ұранды арқалы азамат болып шыққан — осы Құнанбай.

Құнанбайдың әкесі Ырғызбай о заманда аттылы кісіге өткел бермей толып аққан Ырғыз өзенінің бойында дүниеге келген. Жер құйқасы майлы, аңы мен құсы жыртылып айрылған берекелі өлкеге қоныс тепкен Ырғызбай аз жылдың ішінде таяғының ұшына ырыс ілініп, алдына мал бітіп іргелі ел ағасына айналады. Кеңгірбай Жезқазған іргесіндегі Кеңгір өзенінің бойында туған. О заманда нәрестенің есімін я туған жеріне, я руына келтіріп қою салтқа айналған. Әрі қарай түкпірлей берсең тобықтының бұл атасы жоңғар шапқыншылығына дейін көне қоныс Қаратау үстін жайлапты деген сөз бар. Арқа жері жау табанынан босаған соң ру басы ақсақал қоңыраулы керуен тартып, әуелі Ырғыз бойына, Кеңгір жағалап, жылдар жылжи сарыарқаның кіндігінде жатқан суы бал, самалы жібек жер жәннаты Шыңғыстау ішіне сұғына еніп қоныс алғач көрінеді.

Құнанбай жер ортаға келіп, ел билігінен бірте-бірте суынып бұл дүниенің қызығынан о дүниенің қызығына ойша ойысып тақуалыққа бет бұрған кезеңде Түркістан үстіндегі әйгілі Қарнақ медресесіне адам жібереді. Осы медресенің түлегі, әрі көкірегі ояу қажырлы Бердіқожаға пейлі түсіп, кейінше сөйлесе келе араларынан қыл өтпейтін дос болады; “қасыма кел, татар молдасынан сабақ алған балаларымыз шала сауатты болып бітті, соларды оқыт, фәни тіршіліктегі сырлас серігім бол” деп соңынан арнайы адам аттандырып үйелменімен көшіріп алуында үлкен гәп бар. Бердіқожа әлем таныған жазушы Мұхтар Омарханұлының бабасы болып келеді.

Құнанбай Меккеге барар жолда ата қоныс Түркістанға ат басын бұрып, қожа Ахмет Иассауидің басына тізесін бүгіп құран оқып, садақасын беріп мінәжат етіп шығады.

Құнанбайдың шешесі Зере найман ішіндегі Матай руынан. Дәулетті отбасынан шыққан, мұсылманша тәрбие алған, жарға адал, обал-сауапқа тақуа, қолы ашық жомарт, есті кісі болған. Зеренің өзі берітін келе әңгіме ретінде айтып отырады екен: “Мен Құнашты бір күн дәретсіз емізіп көргем жоқ, және омырауымды тазалап жумай, бісмиллә деп айтпай емізген мезгілім болған жоқ”, — дейді. Зере 1785 жылы дүниеге келген, яғни ақын немересі жарық дүниенің есігін ашқан кезде тура алпыс жаста болатын. 1873 жылы қайтыс болады. Ұлы шешесі қайтыс болған кезде Абай жиырма сегіз жасқа шыққан еді. Әжесінің қазасына ақын қатты қайғырып қабырғасы қайыса аза тұтты деседі. Ақын өзінің әйгілі қара сөзіндегі мына жолдарды әжесінің басына тәжім етіп шығарған еді, кейінше қара сөздеріне енгізген деген жорамал бар. “Дүние — үлкен көл, заман — соққан жел, алдыңғы толқын ағалар, артқы толқын інілер, кезекпенен өлінер, баяғыдай көрінер”.

Зере зерделі немересінің көкірек көзі ерте ашылуына зор септігі тиген нағыз халықтық үлгідегі ұлы педагог еді. Баланың құйма құлағына халықпен ғасырлар бойына қосыла жасасып келе жатқан не қилы ескі әңгімені төгілдіріп айтып отырады екен.

Зере ертегіші.

Зере әлемдегі жоқ-барды ойына түйіп, мезетінде аңыз, әңгімеге айналдыра қоятын қанатты қиял иесі.

Жас Абай әжесінің әңгімесін естіп есейген.

Абай үніндегі бояу, сөзіндегі бай ырғак, ойлау жүйесі сол Зере әңгімесінен бастау алған көзі бітелмес бұлақ

секілді. Үлкен бір әлем. “Қазаққа өлең деген бір қадірсіз” болған заманда сөз асылып іріктен поэзияның қадірін зау биікке көтерер көрегендік мен көңіл көзіндегі асыл ойлар әлгідей табиғи ортада оянган еді. Бальзактың айтуынша: талант — табиғатқа жақындау, табиғатты терең тану ғана. кісі қаншалық дарынды болса, соншалық табиғат құшағына жақындай түспекші, табиғилыққа бой ұрмақшы. Қаншама мықты болса да табиғаттан талантты емеспіз.

Тағы сол Бальзак айтады: табиғи дарынды оянган адам бес жасқа дейінгі қабылдаған, көрген, білген, түйсінген бояуын былайты өмір бойы шығармаларына азық етпекші. “Өз басым сол бес жасқа дейінгі көрген, білген, түйсінген бояуларымды жазып келемін, бұл бояу әлі жүз том кітапқа жетеді”, — дейді Бальзак. Қуатты жазушының бояу деп тұрғаны сол бағым табиғаттың бергені, болмыстың бойдағы ерекшелігі дағы.

Өскенбай ол уақытта өршіл басылып болмайтын рулық тартыс, жанжал, ел билігі үшін талас жорығына аттанып кеткен кезде ауылдағы жанға, малға иелік ететін Зере екен. Келіні Ұлжанға көп тәрбие берген. Ұстамдылыққа үйреткен. Тік мінезді, сырты суық, ішкі әлемінің қалтарыс, қойнауы мол баласы — Құнанбаймен келінінің діні мен ділі жарасып кетуіне көп септігін тигізген мейірім иесі.

Ақын өсейген шағында сағынныптан ба, Зерені үлгі жақсы сөзбен есіне түсіріп, аруағын тебіренгіп айтып отыруды әдетіне айналдырыпты.

Құнанбай бала кезінен айтқанынан қайтпайтын өжет, бірбеткей, тік болып өседі. Бойы ортадан биік, қол-аяғы сырықтай, маңдайы кере қарыс, жүзі нұрлы, ажарлы кісі көрінеді. Кейінше жаугершілік ұрыста он көзінен айрылған. Жалғыз сол көзімен шанышылып қараған кезде кісінің беті шыдамай бұрылып кетеді екен. Татар молдасынан әптіекті тауысады, жүргізіп оқитын, хат жазатын халге жетеді. Бұл туралы шөбересі Ахат Шәкәрімұлы өз естелігінде былай деп жазады: “Әкесі молдадан оқытып, Құнанбай шала хат танып қалса да, әкесі Өскенбайға келген хаттарды біріне-бірін салыстырып, өз талабымен хатты толық танып, түрікше жазылған кітаптарды еркін оқи алатын болады”. (“Жас алаш”, 1991 жыл 17 қыркүйек). Қазақ балаларының, сахара жұртының сауатты, көзі ашық болуын көксеген Құнанбай өзінің күзегінен алғаш рет ұста жалдап там салғызып, мұсылманша мектеп ашады. Бұл мектептің алғаш мұғалімі байдалының Сары-

молдасы деген кісі, одан кейін ноғай Ғабитқан молда сабақ береді. Жылына Түркістанға бір мәрте керуен жіберіп түрік тіліндегі, шығыс әдебиетінің жұлдыздарының кітабын тең-тең етіп алызып, шәкірттерге таратып беріп отырған. Қағаз, қаламды өз қаражатымен алғызған. Сарымолданың бала оқытып, шәкірт тәрбиелеген мектеп орнын ел іші кешегі күнге дейін “Ескі там” деп атап, сол жұртты қасиеттеп келгенін білеміз.

Құнанбай Омбыдағы орыс ұлығының назарына ерте ілігіп, жұртқа жаққан қызметі үшін әуелі старшын, сосын аға сұлтан шенін алған. Ол билік айтқан кезде “мынау жуан, мынау малды, мынау жарлы” демей, кісінің аярына, шен-шекпеніне қарамай тура сөз айтқан. Әділ шешкен. Құнанбайды қашан Меккеге қажылық сапарға барғанша ел адамдары “мырза” деп атап кеткен. Атын тура атамай, осылайша айту үрдіс болған. Құнанбайдың мырза атануының өз себебі бар. Бірінші: әкесі Өскембайдан енші алған кезде ірілі-уақты он екі жылқы ғана тиген, соны өз еңбегімен өсіріп, ақ тер көк тер болып жүріп көбейтіп екі мыңға жеткізген бейнеті ғана. Шын мұқтаж адамға мал аямаған, сұрап келген кісінің алдына сақылық танытып мал салып берген. Екінші: ел ішінде, сахарада сол заманда дендеп жайылған барымта, мал ұрлау дегенге қарсы шығып, өз атшабарларына біреудің бұрау ағашын рұқсатсыз алма деп жарлық таратады. Сол жарлық мырзаның атын дүйім елге жайып жібереді. Әділетсіз іске, әлдінің нашарды жылатқан жәбіріне бей-жай қарамаған, аса қатал, шұғыл пәрмен қолданған.

Құнанбай шешен тілді, өзі де суырып салып өлең шығаратын ақын адам болған. Ел ішінде Құнанбай айтты дейтін шешендік сөздер, сөзі тірі кестеленген ойлы өлеңдер мол-ақ. Солардың қолға түскендерімен таныстыра кетуді мақұл көрдік.

Бірінші өлең: Шаруаң онынан айналғанда: Мінген атың жүреген болады, асыраған итің үреген болады, қатының ажарлы болады, Малың базарлы болады, Шөбің шығымды болады, малыңа жұғымды болады, Ұлың білімді болады, Құлың сенімді болады. Шаруаң солға айналғанда: “Мінген атың шабан болады, Асыраған итің жаман болады, Қатының сараң болады, Қызың ажарсыз болады, Малың базарсыз болады, Шөбің шығымсыз болады, Малыңа жұғымсыз болады, Ұлың білімсіз болады, Құлың сенімсіз болады”. Шешендік сөздің бастауынан нәр алған, нағыз нәсихат терме өлең осы.

Екінші өлең Қаржас руының дауын қуа сөйлеген, сол кездегі іргелі бай, шен қуып шіренген Шорманның Мұсасына қаратып айтылған, оқтан бетер өткір сөз.

“Пұт болдым деп мақтанба, Пұттан ауыр батпан бар, Биікпін деп мақтанба, Асқар-асқар таулар бар, ар жағында аспан бар, Басыма бақыт қонды деп, Тосылмаймын енді деп, Алдаушы жалған дүниеге, Гапыл болып азбандар; Қарсы келген дұшпаның, Басың келіп изесе, Оған да қыл бостандық, Аяққа салып баспандар”.

Үшінші өлең төмендегіше: “Бақ тайса ажарыңа карамайды, Біреуді біреу сырттай табалайды, Басына карапайым бір іс түссе, Қылды деп білместікпен шамалайды, “Адам басы алланың добы” деген, Дәм тартса әр тарапқа домалайды”. Ойы бар дәмді поэзияның үлгісі осы.

Басына іс түсіп, Сібірге жер ауып айдалып, кейінше арып-ашып елге оралған керей Бейсеке деген кісіге қаратып шығарылған деген төртінші өлең төмендегіше:

“Жаңылмас, қате баспас хан бола ма? Тапжылмас, табан таймас жан бола ма. Бәйгеге күнде қоссаң алдын бермес. Тұлпарда арықтаса сән бола ма? Кер заман кез келсе адам жаңылмай ма? Айнымас таза жүрек, сенімді дос, тарығып, толған кезде табылмай ма? Шықпайды жан кесімді қаза келмей, Асыл ерлер өтті ме наза көрмей? Елі үшін еңбек етіп, азап тартқан, Машқарда бейішке еңер жаза көрмей”. Қадым қазақтың қара өлең үлгісіндегі жұбату жырын Құнанбай өз көкірегінің отымен жылытып қайта жырлап шыққан.

Осы ретте Құнанбайдың әдеби бейнесін кертартпа, ескішіл, өнерге жаны қас етіп сомдаған жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезов шығармасын тәрік етуге тағы болмайды. “Абай” романы жазушы толғанысынан туған таза көркем шығарма. Адамды суреттеген кезде ұнамды, немесе ұнамсыз кейіпкер етіп, оны тапқа бөліп, бір-бірімен жасанды болса да арбастырып қойған социалистік реализм кеселі, ой-сананы күрсаулаған әкімші-әмірші жүйенің қолдан жасаған идеологиясы, әдебиеттегі қатып қалған қалып нәтижесі еді. Оның үстіне, жоғарыда айттық, жазушы ырқымен, еркімен, мегзеуімен әрекет еткен әдеби образ. Әкені балаға, баланы әкеге қарсы қойып тартыс туғызу сол заманның үрдіс үлгісі. Егер бұлай етпеген күнде кітап жарық көрмес еді. Қолдан құрастырған идеология туғызған солақай талаптың кері салдары осы.

Құнанбай өзі сүрген ортада, үлкен тартыстар үстінде өсіп жетілген адам, заманы туғызған кесек тұлға,

саркылмас қайрат иесі. Сол кісі жиі айтатын сөз деп көне көз кәриялар бізге жеткізіпті. “Залым өрт өндіреді, адам өрт сөндіреді”, “тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ”, “адамдықтың белгісі — адалдық, жамандықтың белгісі — арамдық”, “саятандық қылма, сайтаннан иман қашар” деген кестелі сөздер әлі күнге мәнін жоймай, кәдемізге асатыны ақиқат. Құнанбай өз заманында, билік құрған азды-көпті ортасында өмір бойына екі сауалға жауап іздеп өткен пәлсапа ойдың иесі. Бірінші сауал: адамшылық борыш деген не, оны қалай өтеуге болады. Екінші сауал: арғы-бергі тарихта есімі қалған кісілер адам атын қалай арқалаған, адам болып өтуге нендей хикметтер, тірліктер жасау қажет. “Патша құдай, сыйындым, тура баста өзіңе” деген акын сөздері осы орайда Құнанбайдың көңіл күйімен үндес шығып, құп үйлесетіні мәлім.

Кенесары Қасымұлының патша әскеріне, оның саясатына қарсы жасаған көтерілісі тарихтан баршамызға белгілі. Қазақ халқының тозып кетуге бірінші қарсылық жасаған Кенесары жорығына байланысты ұлы жүз жеріне сапар шеккен Вишневскийдің экспедициясына енген поляк саяхатшысы Адольф Янушкевич кейінше, еліне оралған соң сапарнама кітабын жазады. Кітаптың аты “Қазақ даласындағы сапарда жазылған хаттар мен күнделіктер”. Кейінше бұл кітап орыс тіліне аударылып басылды. Өзіміздің баспалардың кара шаңырағы “Қазақстан” баспасы 1966 жылы сол кітапты қайта шығарды. Кітапта саяхатшы Құнанбай туралы төмендегіше келтіреді: “Ол кісінің жадына сақтай білуі тамаша, сөзге шешен, табиғаттан парасатты туған, қарапайым қазақтың баласы. Дала жарғысының үлкен білгірі, кара қылды қақ жаратын қазы, тақуа Құнанбай өз ағайындарының қамын жейтін іскер адам. Ол пайғамбардың даңқына ие. Оған ең алыстағы ауылдардан жастар мен кәрілер, кембағалдар мен дәулеттілер зиярат етіп келіп жатады”.

Әйгілі “Біржан мен Сара айтысында” төкпе акын Әріп: “Құтыма тіл тигізбе, ер Құнанбай, алашқа шықпас даңқы кер бұландай” деп дәріптеп өтеді. Ел арасындағы беделі, тәлімі атын көпке жеткізіп, кеңге жайып, сол кездегі қазақ даласын сақиналай орап жаулап алып, біртіндеп билей бастаған орыс ұлықтарының көзіне ерте түсіреді. Олар беделді кісіні өз ықпалында ұстау үшін төсіне шен тағып, иығына сарала шекпен жауып, 1849 жылғы қазан айында қырық бес жастағы Құнанбайға аға сұлтандық дәреже береді. Шынтуайтына келсек, аға сұлтандық —

волостной әкімшілік орыстардың ойлап тапқаны емес. Бұрынғы қазақ елінің дәстүрлі мемлекет басқару құқының негізгісі болатын. Орыс ұлықтары “шен-шекпеенге қызыққан қыр қазағы ауып келген орыс мұжықтарының мұңын мұндайды, жоғын жоқтайды, құрығанда өзді-өзі қыркысып әбден әлсірейді” деп болжам жасаған болатын. Бұл орайда Әбіш Кекілбай өзінің “Әйтеке” деген мақаласында шындықтың көрпесін аша сөйлейді: “Біз білетін алауыздық пен әкімшілік ол заманнан көп кейін, ол заманда қалыптасқан ел билеу жүйесі әдейі аяққа басылған кезде шықты.

1824 жылы хан билігі. 1868 жылы сұлтан билігі жойылды. Сол арқылы қазақ даласы дәстүрлі мемлекеттік сипатынан айрылды. Оған басқа ортада, бөтен топырақта қалыптасқан бюрократтық билеу жүйесі күшпен телінді. Елден гөрі өз басын, ұлттан гөрі ағайынның көбірек қамтып, ақылдан гөрі айла-шарғыны көбірек малданатын пысықтардың “партияшыл”, “топшыл” күресі етек жайды. Ру-ру болып, ата-ата болып, билікке таласу да содан шықты”, (“Үш пайғамбар”. “Дәуір” баспасы, 1992 жыл, 143-ші бет). Аға сұлтанның қолымен от көсеп, өз ұлтына өзін қарсы қойып, әбден діңкелетіп сіңірін созамыз деп жоспарлады. Құнанбай иығына оқалы шекпен жапқан Семей губернаторы кейінше аға сұлтанның пікірінен гөрі атты казактардың жалғандаған қылышына, қоқанлоққы пәрменіне, партияшыл топтың домалақ арызына сүйеніп іс жүргізгеніне кейінгі кезде табылған құжаттарға сүйеніп көз жеткізіп отырмыз.

Туасы әке мен баланы бір-біріне қарсы қойып, осыдан көзқарас, мүдде қайшылығын тауып, көркем әдебиеттің басты шарты — тартыс туғызу — кеңестер одағы кезіндегі социалистік реализм туғызған қолдан жасалған тәсіл болатын. Абай мен Құнанбай өз өмірлерінде бір-бірімен тартыс туғызарлықтай кереғар қактығысқа барды, бірін-бірі мінеді, сынады деген де әлгідей қолдан жасаған “күрескерліктің” нәтижесі, дау туғызатын күдікті нәрсе. Шын мәнінде Құнанбай жас Абайға ақылшы, терең ойлы, тәлімді ұстаз бола білген кесек тұлға. Осы орайда ғалым Серік Қирабайұлының мына бір жүйелі сөздері көкейге қонады. “Кезінде Құнанбайдың Абайға таққан үш міні тарихи шындықтан алынған. Соған қарап Құнанбайды тек ұнамсыз жағынан ғана көру көбірек байкалып жүр. “Абай жолы” романында М. Әуезов те амалсыз Құнанбай бейнесіне дәуірдің идеологиялық жүгін арқалатқаны

байқалады. Ал, шындығында, Құнанбай өз заманының ең ақылды, көреген, қайырымды, батыр адамдардың бірі болған ғой. 1933 жылы Мұхтар жазған “Абайдың туысы мен өмірі” деген еңбегінде Құнанбай жөнінде мынадай мәліметтер бар:

“Қолға найза ұстап, астына жүйрік ат мініп, өз малын өзі бағып, жауға шапқыш, жау түсіргіш жігіт болған...

Құнанбай жас кезінде ат үстіндегі қайраттылық, ерліктен басқа ақылға да, сөзге де орамды кісінің белгісін берген болу керек. Өйткені сол кезде үлкен кәрілікке жеткен Нысан Абыз деген ел сыншысы Өскенбайға: “Өзіңнің бағың Қыдырдай болса, баланның бағы Шыңғыстай болады” деп сын айтыпты дейді...

Құнанбай қолмен келе жатқан қазақты жиып алып, Құркұдықтың ішінде кеңесіп, Кеңесарыны ұстамауға, қас қылмауға уәделесіпті дейді. Кейін атыс болғанда Жуан-таяқ Төбет деген батыр Кеңесарының қолының бір батырын қуып найзаламақшы болған екен, соны Құнанбай сабапты дейді...

Ел аузындағы қалған аңызда бұл кісінің діндарлығы мен ел билеу жөніндегі ірілік, мықтылығы, алысты болжағыш, ақылдылығы көп айтылады. Одан соңғы көп сөз мінезінің суықтық, қаттылығы, сонымен бірге мырзалығы жайынан көп кездеседі. Намаз оқушы кедейлерге ат беру, киім беру сияқты әдеттері көп болса керек...

Ақыл мен сөзге, келелі кеңеске, көп елді тоқтатып билік байлауға келгенде, өз тұсындағы Орта жүздің басты билерінің алдыңғы қатарындағы кісі болып саналған болуы керек. Мұның белгісі — Ақмола, Жетісу, Семей сияқты губернелерде, ел аузында қалған билер жайында естелікте Құнанбай атының көп аталатын болғаны...

Сондықтан біздің міндет — бірін даттап каралау емес, бүгінде анығын білгісі келген елге дәл пішінін көрсету. Бұл сөздің басын Абайдың жайы деп алып, Құнанбай жайын көп танытып айтып кетсек, солай болуына себеп болып отырған да осы міндетті көп ойланғандық. Өйткені Құнанбайдың кім болғанын білмесек, Абайдың кім екенін білу қиын. Бұлардың қай-қайсы болса да өз заманның туындысы. “Бірде заманның ұлы болса, бірде сол заманның құлы да болған”.

Сөздің соңғы түйіні қандай әдемі айтылған. Шындығы да сол ғой. Алайда уақыт, заман Мұхтарды да осы сөзден тайдырған. Абай өмірбаянының кейінгі нұскаларында бұл сөздер түгелдей түсіп қалған. Олардағы Құнанбай

жөніндегі деректер оның ел билеушілік, қанаушылық, зорлықшыл мінездерін айтумен шектелген. Ендігі міндет — Абай өмірбаянын қайта қарау үстінде Құнанбай туралы деректерді осы тұрғыдан толықтыру, Абайдың әкесіне әділ баға беру. Шынында да, Мұхтар айтқандай, “Құнанбайдың кім екенін білмесек, Абайдың кім екенін білу қиын”.

Абайдың әкесіне зор құрметпен қарағаны оның өлеңдерінен де анық көрінеді. Әбдірахман өлгенде жазған өлеңдерінің бірінде ол:

“Арғы атасы қажы еді, Бейіштен тартқан шәрбатты. Жарықтықтың өнері, Айтуға тілді тербетті, Адалдық, ақыл жасынан, Қозғапты, тыныштық бермепті, Мал түгіл, жанға мырза еді, Әр қиынға сермепті, Мұңлы, шерлі, жоқ-жітік, Аңсап алдын кернепті. Бәрінің көңлін тындырып, Біреуін ала көрмепті. Әділ, мырза, ер болып, Әлемге жайған өрнекті. тәубесін еске түсіріп, Тентекті жиып жерлепті”, — деп әкесінің ұлағатты істерін, өнегесін тебірене отырып есіне алады да: “Оны да алды бұл өлім, Сабырлық қылсаң керекті”, деп өзіне жұбату айтады.

Құнанбайды ұнамды бейнелеген басқа да деректер баршылық. Олардың ішінже поляк саяхатшысы А. Янушкевичтің жазғандары да көңіл аударарлық. Ол: “Құнанбай би Барак сұлтанның аз-ақ үлкен, бұл да қыр еліне әйгілі адам. Қарапайым қазақтың баласы, жаратылысынан ақыл дарыған, зерек, қара сөзге шешен, ойлы, тыңғылықты кісі, халқының қамын ойлайтын, қыр елінің әдет-ғұрып заңына және шарифат жолына жүйрік, орыс елінің қырғыздар жөніндегі заң ережелерін де жақсы біледі, параға сатылмайтын әділ би, үлгілі мұсылман. қарадан шыққан Құнанбайды жұрт пайғамбардай көреді” (“Жас алаш”, 1993 жыл 19 маусым). Қаламының қуаты мол, сөз кестесі сыйқырдай ғұлама. Серік Қирабайұлының жоғарыдағы пікірі ойымызға, зерттеуімізге дәм кіргізер тұздық секілді.

Ақын әкесінің ірі, кесек болмысын, тік тұлғасын, аз сөйлеп, көпті мегзейтін тапқыр шешендігін ашатын өкіғаларды көп тізіп келтіре беруге болар еді. Сол кесек мінездің бір қыры — Құнанбайдың діншілдігі. Құнанбай жаратушы алла тағыла жолына көп күнә жасап я, ертеңгі зауал күні үшін, я болмаса өзге, тұстастары мен ортасына көз қылу үшін жығылып, қажы, сопы аталған кісі емес; өз мінезін көп қарап, жүрегімен, болмыс-бейнесімен басын сәждеге иіп, қас жолына адамгершілігін шындап қолға алып құлаған адам. Жан сарайын шарифат жолымен, со-

ның үрдіс-үзірімен аршып, теңестіруге ұмтылыс жасаған морт мінездің иесі екенін тағы да танытты.

Құнанбайдың бұл кезеңдегі болмыс бейнесіне тереңдеп бару үшін шәкәрім шежіресінен мына бір үзіндіні келтіре кетелік. “Хажы марқұмның алдына келген қазақ бұрын намаз оқымай жүрген болса да намаз оқушы еді. Насыбай харам деп бір молла айтқан соң, насыбай атқандардың мұрнына тотияйын құямын деп насыбайшыларды тиып еді. Бұрын зекет бермейтұғын қазаққа зекет бергізген сол кісі еді. Осы күнгі Қарқаралыдағы мешіт сол кісінің салғызып құдайы қылған мешіті еді. Ондағы қазақтар ноғай молла-ларымен талас шығарып, бұл қазақ мешіті, қазақтан молла имам қоямыз деп осы күнде наданырақ қазақ молла имам болып тұр деп есітемін.

“1874 жылы хажыға барғанында хажылары түсетұғын Меккеде бір тәкия яғни үй сатып алып құдайы қылып еді. Осы күнде кіші тәкия деп атайды. Кіші жүзден бір Сұлтан деген бек ғалым жігіт ие болып тұр. Басында хажы марқұмның қойған күтушісі Қанатпай сопы еді. Ол кісі өлген соң, кемпір қатыны бір жиен қызын асырап тұрған кезде осы Сұлтан кез болып, кемпір соған жиен қызын беріп, тәкияға Сұлтанды ие қылыпты. Мен пақыр 1905 жылдан 1906 жылға қарай хажыға барғанда тәкияны көрдім. Менен бұрын хажылар кіріп қалған екен. Оларды ренжітпей пәтер алып түстім. Бірақ Сұлтан айтты: бұл тәкия осы күнде кіші жүз Досжан хажының атына жазулы екен. Не себеп екенін білмедім деді. Соны 31 жыл болған ескі дәптерден қаратып білмекші болып, дәлелге барып ертең шәрифке барғалы тұрғанымда алланың тағдыры қатты науқастандым. Жазылар жазылмаста кіші дәлдалымыз Ибрагим Мәлуани деген кафила жүріп барады деп түнде кабар қылып жүріп кеттім. Хажы марқұм тәкияны мен бастап алсам да, кіші жүз хажылары көп ақша берді деп еді. Сол себептен бе, яки құдайы қылғанда Досжан хажы атына қалдырған ба — біле алмадым. Хажы марқұмнан кейін біздің таптан хажының туысқаны, Якуб-тың (Жақып болуы керек, Д. Д.)

баласы Ақберді марқұм барып Меккеде өтіп еді. Сол жолы құдай тағала нәсіп қылып қабіріне зиярат қылдым”, (“Жұлдыз” журналы, 1991 жыл № 1, 90-91 беттер). Жоғарыдағы үзік әңгімедегі “хажы марқұм тәкияны мен бастап алсам да, кіші жүз хажылары көп ақша берді деп еді”, деген сөйлемге айрықша назар аударған жөн. Шәкәрім шежіресінде, одан жәдитше жазулы қазіргі ки-

рилицаға түсіргенде стилдік селкеуліктер кеткен. Ол сөйлемді былайша оқып түсінген ләзім: “Хажы марқұм, яғни марқұм Құнанбай айтып отыратыны есімде қалыпты, ол кісі айтушы еді: тәкия жайды мен бастап салғызсам да, кіші жүз хажылары жерге, құрылыс жабдығына көп ақша өткізіп күш жұмсап еді” болып оқылуы қажет. Құнанбайдың әлгі тәкия жайды қалай салғызғаны, кімдер қол ұшын бергені, қандай қиыншылықтар көргені туралы басқа деректер тапқан едік. Сол деректерге жүгінсек әңгіменің түп төркіні, оқиғаның нағыз шындығы ашылып шыға береді. Енді оқырманды жаңадан табылған деректер ізіне түсіріп жетелеп, әңгіменің анық-қанығына көз жеткізелік.

Шымкент қаласының байырғы тұрғыны Мұқатайұлы Рахметолла “Меккедегі қазақ тәкия жайы” деген атпен төмендегі естелікті жариялады. Әлгі шағын естеліктің кітабымызға керек-ау деген жұлынды тұсын оқушы назарына ұсына кетелік. “Менің қазақ халқының шежіресін, атақты батырлар мен билерді, олар айтқан нақыл сөздерді жатқа білетін. Бала кезімде әкемнің ауыл ақсақалдарына айтып отыратын әңгімесі — өткен ғасырдың соңында кіші жүздің атынан жаппас абайдың әкесі Құнанбай, қырғыз халқының атынан атақты Шәбден мырзаның мұсылмандардың қасиетті қаласы Меккеде тәкия жайларды қалай салдырғанын айтып отырғанын естіген едім. Әкемнің айтуынша, 19 ғасырдың ортасына дейін қазақ пен қырғыздан қажылық жасауға барғандар өз ұлттарын жасырып, бұқаралық, ташкенттік сартпыз, не өзбекпіз деп айтады екен. Өйткені қазақ, қырғыз халықтары Меккедегі мұсылмандар тізіміне жазылмай қалған көрінеді. Сондықтан қазақ пен қырғыздың өкілдерін қасиетті орынға зиярат етуге жібермеген. Осындай қорлыққа шыдамаған Жайық бойындағы тама руының Кенжебай аталығындағы қарадан хазірет дәрежесіне жеткен Нұрпейіс молда қажылыққа баратын бірнеге кісілерді басқарып Меккеге жетеді. Бірақ Нұрпейіс хазіретті кәбаға зиярат етуге жібермейді. Сонан соң қасындағылар еліне қайтып кетеді де, Нұрпейіс хазірет Меккеде қалады. Сонымен ол қайыршылық жағдайда жеті жыл жат елде жүріп, қазақ пен қырғыз халықтарын Меккедегі мұсылмандар тізіміне енгізіп қана қоймай, мұхаммед пайғамбардың өсиеті негізінде қазақ халқына тиесілі жерді алады”.

Шөл төсіндегі пайғамбардың табаны тиген, құмы алтыннан, тұщы суы зәмзамнан қымбат ыстық жерді қалай

иемденді деп іштей, әрине, қайран қаласыз. Хазіреттің қажырын тасқа жанығандай табандылығы, бірбеттілігі кімді де болса тәнті еткізгендей еді.

Серіктері елге кеткен соң жат жерде қалтасы қағылып жалғыз қалған хазірет жалғыз ғана ақкөз бейнетіне сенеді. Күн демей, түн демей тер төгіп еңбек етеді. Меккенің тау сыртындағы бір таудан күніне екі мес тұщы суды арқалап әкеліп, оның бірін базарға сатып, түскен тиынына тамақтанады. Бір месін күм үстінде күнге шыжып отырған кемтарларға бөліп береді. Жеті жыл бойына белі бүгіліп ыстық күнде меспен су тасиды, терін тамшылатып, самай шашы күнге ағарып жүріп жат елдің тілін, ғұрпын меңгереді. Күн астында бүкшіе ілбіп мес арқалап су тасыған хазіреттің сұлбасын елестетіп көріңізші. Жеті жыл осылай. Неткен дүлей қайсар мінез десеңші!

Тағы да жоғарыдағы естелікке жүгінілік.

“Арада біраз уақыт өткен соң Нұрпейіс хазірет Меккеде зиярат ету үшін келген араб дін басыларының қабылдауында болады. Сонда Бағдат ханы Нұрпейістің талабын қолдаған екен. Қазақстарды қасиетті жердегі мұсылмандардың тізіміне енгізу, пайғамбардың өсиетіне сәйкес оларға тәкия жай — қонақ үй салу үшін жер бөліп беруге рұхсат етеді. Тәкия жай салуға бөлінген жерді алған бабамыз Нұрпейіс хазірет оны теңдей төртке бөледі: қазақтың үш жүзіне және қырғыз халқына еншілейді. Кіші жүзден жаппас руының ең бай адамы ақмешіттік Мырқы мырзаны, орта жүздің тобықты руынан Құнанбайды, ұлы жүзден Қасымбек датқаны, қырғыздан Шәбден батырды таңдайды”.

Шәбден батыр қазіргі қырғыз халқының ел басшысы Асқар Ақаевтің бабасы көрінеді.

Нұрпейіс ең бірінші хабарды жаппас Мырқы мырзаға жібереді. Сол дәуірде кіші жүзде Мырқы мырзадан бай кісі болмаған екен. Оның байлығының мөлшері жайында ағасы Аппаз мырза: “Мырқы мырзаның алтын ақшалары Еуропаның ірі банкілерінде жатыр. Түйелерінің өзі отыз тоғыз мыңнан қайтты”, — деп отырады екен. Мырқы мырза бірнеше миллиондаған сом қаржымен қасына нөкерлерін ертіп, тәкия жай — қонақ үй салғызуға Меккеге жүріп кетеді. Оның қасында араб тілін жетік білетін татар молдасы болған. Сол татар молдасы осы әңгімені 1901 жылы Кенесарының баласы Сыздық төре мен Ресейдегі Мемлекеттік II Думаға делегат болып қатынасқан бабам Мұңлыбекке айтқан екен”.

Жаппас Мырқы мырза кіші жүзге арналған тәкия жайын үш жылда салып бітіріпті. Айшығы әсем ғажайып жайды көріп тамашалаған бағдат ханы тәкия жайды Нұрпейістің атымен атауды ұсыныс етеді. Сонда Нұрпейіс былай депті: “Бұл ғимаратты қаншама қаржы жұмсап салдырған мына отырған сақы Мырқы мырза, бұл тәкия жай осы кісінің атымен аталғаны жөн”, (“Жас алаш”, 1933 жыл 30 наурыз). Осы күнге дейін әлгі әсем ғимарат Мырқы мырзаның атымен аталатын көрінеді. Тас қашап, там салғанның аты қалады, қылыш қайрап, ұрыс салғанның басы жоғалады деген сөз осындайдан шыққан бәлкім. Өткен ғасырдың аяғында жаппас руының ақыны Кеншінбай мен Жағалбайлының ақын қызы Айсұлудың айтысында Мырқы мырзаның Меккеге салғызған тәкия жайы әдемі сөзбен термеленіп өтеді.

Енді орта жүздің ақылды адамы Құнанбайдың қасиетті жерге қалай барып, қалай қонақ үй салғызғаны туралы әңгімелеуді жөн көрдік. Құнанбай қасына аса жігерлі өжет мінез Ізғуттыны ілестіріп 1870 жылы Меккеге сапар шегеді. Жолда ат тұяғын күйдірген шөлден, құс қанатын талдырған таудан өтеді, көп қиындықпен Меккеге жетеді. Меккеде өзге елден келген мұсылмандардың жатын үйі болады екен. Үйсіз, күйсіз босып жүрген тек қана қазақтар мен қырғыздар. Кейде арабтардың үйін уақытша жалдап тұрады, кейде көше бойына қонып қалады, көргендері азап пен мазақ. Осыны байқаған керей Андамас мырза Көшербайұлы бір тайлақ пен дөненшығар жылқы сатып алып, сойып, бір үйге қазақ қажыларын қонақ етеді.

“Жалғанда қорлық қазақтың жататын үйінің жоқтығы екен. Дүние, малды несіне жинап жүрміз. Өлсек ертең бәрі қалады. Ретті жерінде кәдеге жаратқанға не жетсін. Мұны айтып отырғаным, осында келген қазақ қажылары шілдің қиындай пышырап, әркімнің үйіне қонып жүрміз. Бұл ат арытып, тон тоздырып келгенде атымызға лайықсыз іс. Біздің соңымыздан талай жұрт қажылыққа келер. Олар біздің кебімізді кимесін. Сондықтан қазақтарға арнап үй салдырайық. Мен осында қалып, іс қылуға бекініп отырмын”, — дейді (“Меккедегі төрт үй”, Рахымжан Отарбаев, “Парасат”, 1992 жыл, № 1). Бұл әңгімені жазушы он екі ата байұлының жаппас руынан шыққан қажы Мінайдар Жарасбайұлының архивінен жазып алыпты. Осынау Андамас мырзаның сөзіне Құнанбай, жансары уақ Түйте Нүрекеұлы, атығай Қосшығұл Шопанұлы, он екі ата байұлының жаппас руынан Мінайдар

Жарасбайұлы бой көрсетіп, мақұл көреді. Дұрыс сөзге бас изейді. Басқа қажылар: “Ақшамыз сарқылды, елге аман-есен жетсек болды”, — деседі.

“Содан бес қажы Мекенің әкіміне жолығып, бес үйдің орнын, құрылыс материалдарын сұрайды. Алғашқы екі үйдің орнын жасымыз үлкен деп Құнанбай мен Түйте иеленеді. Үшінші үйдің орнын кара шаңырақтың иесімін деп Мінайдар иемденеді. Андамас пен Қосшығұлға орын қаланың шетінен тиеді. Құрылысқа қажетті заттар да осы ретпен бөлінеді. Үйдің ірге тасын салғанда Түйте қажы ауырып, қайтыс болады. Өлер алдында ол кісі бар қаражатын Құнанбайға тастайды. Түйтенің басына Андамас күмбез соқтырып:— “Түйте Нүрекеұлына күмбез соқтырушы керей Андамас” деп жазылған тас қойғызады. Бұлардың ішінде қалталысы да Андамастың өзі екен. Сонымен қазақ қажыларына арналған бір мәрмәр, үш кірпіштен салынған төрт үй бітеді. Әркім өзі салдырған үйдің маңдайшасына аты-жөндерін жаздырады. Меккедегі шаруа реттелген соң Андамас жанындағыларға Мәдинеден де үй салдырайық деген. Бірақ Құнанбай, Мінайдар, Қосшығұлдардың қаржылары азайған екен, шамалары көтермейді. Сосын Андамас жанындағы 45 нөкерін ертіп барып, Мәдинеден 75 адам еркін сиятын үй сатып алып, оның да маңдайшасына өз атын жазып қалдырыпты”.

Сонда араб шөлінің төсінен қазақтардың қамын жеп үй салғызып жүрген Андамас кім? Руы керей, 1824 туған. Қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданына қарасты Күйгенқыстау деген жерде дүниеге келіпті. Мұсылманша хат таныған. Орысша жазып, сөйлей білген. 14 қалада сауда дүкенін ұстаған, келелі түйесі, 10 мың жылқысы болыпты. Аулында мешіт, медресе салғызған. ұста, зергер, етікші ұстаған. Жәнипа есімді қызын, Тұрмағанбет есімді ұлын қыста медреседе оқытып, жазда қызын тігіншілік, ұлын қолөнер кәсібіне баулайды. “Алда-жалда дәулет қайтса, ұлым да, қызым да бейнет көрмей, өз беттерімен күнелтсін деп қолөнер үйреттім. Құдай осы күнді көпсінбесе, онда екеуі де өздеріне қызмет еткен адамдардың қадірін білетін болады”, — деп уәж айтады екен. Елін жарыққа сүйреп көп жақсылық жасайды, қаріп-касерге мал бөліп береді. 1903 жылы 79 жасында қайтыс болады. Бейіті қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданындағы Алыпқаш деген көлдің жағасында Сарыоба деген жерде көрінеді.

Бірінші естелікті айтқан кісі “әкемнің аузынан естідім” деп шежірелеген Мұқатайұлы Рахметолла. Бұл әңгімеде қазақ қажылары үшін арқа еті арша, борбай еті борша болып, меспен су тасып жүріп жер сұрап алған тама руынан шыққан Нұрпейіс хазірет. Екінші естелік архив шаңының арасынан алынды, оны жарыққа шығарған Рахымжан Отарбаев, барша әңгіме сол деректен тарқатылып жазылғаны мәлім. Мұнда Меккедегі қонақ үйіне арналған жерді алуға, және үй салуға күш салған Андамас Көшербайұлы болып суреттеледі. Екі әңгіменің де тоғысар тұсы — уақыт кезеңі, тәкия жайдың 1870 жылдардың басында салынуы, осынау қажылар түсетін ғимарат үйдің біріне Құнанбайдың иелік етуі еді. Қалай айтсақ та, Құнанбай заманынан иығы оза туған, қолы ашық, елі үшін қам жеген қарымды, қажырлы кісі. Нұрпейіс қажымен таныс, біліс болуы да әбден мүмкін. Андамас Көшербайұлымен жат жерде мұндас, сырлас, қанаттас болғаны тағы мәлім.

Құнанбай арып-ашып елге келген соң арқаның игі жаксылары сәлем бере келіп әңгіме сұрапты, көргеніңізді айтыңыз деп қолқа салыпты деседі. Сол әңгімелердің бірекеуін келтіре кетелік.

— Қажеке, Меккеде аспан мен жердің арасында тіреусіз тұрған қара тас бар дейді. Соны көрдіңіз бе?— деп шала сауатты молда тақымдап қоймапты. Сонда Құнанбай отырып:

— Құдай үйі — қағбаның жанында жатқан сандықтай үлкен қара тасты көрдім. Адамдар ұстай-ұстай, сүйе-сүйе қырлы жиегін мүжіп жіберіпті. Ауада ілініп тұрған тасты байқамадым,— деп жауап береді.

— Меккеде зәмзам суын ішкен боларсыз.

— Онда су бар екен. Ішіп көріп ем, арқаның тас бұлағынан дәмді емес екенін сездім, жылымшы, қышқылдау бірдеме.

— Қарапа деген тау бар көрінеді, шығып көрдіңіз бе?— дейді.

— Жері құмды, ыстық болады екен, адамның табанын күйдіріп шыдатпайды, үш мәрте ғана ертеңгісін шығып маңайымды барлап қайттым.

— Мекке халқының тұрмысы қандай болады екен, қажыеке?

— Қайыршысы да, тонаушысы да қикымдай көп ел болады екен, тұрмыстары төмен, үйлері пәкене, күндіз терезесіне перде тұтып көлеңкелеп қояды, күнге көп шыға

бермейді. Зікір салған кезде жер әлем дүбірлеп сілкінгендей сезіледі екен. Халық бейне құмырысқа илеуіндей, оларды жетелеген ыстық жердің кепіеті емес, сөздің қасиеті, сенімнің күші сол жұртты үймелетіп қойған.

Ел аузынан, көз көрген кісілерден естідім деп естелік айтушылардан мұндай әңгімені мол келтіруге болар еді. Мұндағы бір айта кететін жәйт: Құнанбайдың әсіре байқампаздығы, көкірек көзінің жітілігі, сосын кеуде қағып мақтанып ділмарсымайтын мінезі. Бір ауыз сөзбен көп мағана бере толғанатыны ерекше сыршылдық па деп қаласың. “Ананы көрдім, мынаны істедім” деп судай ағызып мақтанбайтындығы. Тасып, аспайтыны.

Сөз ретінде айта кетелік, 1992 жылы 8 желтоқсанда Қазақстан республикасының президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев араб елдерін аралап қайтқан сапары бойынша республика теледидарынан сұқбат өткізді. Сонда бір көрермен “Меккедегі Құнанбай үйін көрдіңіз бе?” — деп сауал қойған еді. Сонда президент: “Көрдім, сол тарихи тәкия жайды жөндеп қалпына келтіруді ойластырған жөн”, — деп ізгілікті ойды сабақтап өтті. Елбасының бұл емеурініне тыңдап отырған халықтың баршасы риза болды.

Құнанбай құдай жолына бас ұрып, Меккеге барып мінежат етіп қайтқаннан кейін көп халықпен араласпай, бойын көпшіліктен сырт ұстап, көбіне өз ішіне өзі үңілгендей сыңай танытып үйкүшік қалға түсіпті. Мұны біз Мұхтар Әуезұлының “Абай жолы” романын оқыған кезде де анық байқаймыз. Көп естелік жазушылар Құнанбайдың бұл мінезін былай деп түсіндіреді. “Бұрын, Меккеге бармай тұрғанда өктем сөйлеп, ел үстіне шолжандап, былайғы жұртқа тізе батырып үйреніп қалған Құнанбай қажылық сапарға барға соң күрт сынып, тәубаға түсті. Баяғы күнәларының бәрін құдай жолына мінежат қылып жуғысы келді. Тәубашылығы жеңді”, — дейді. Дәл бұлайша бұрынғы “озбыр”, “жуан жұдырық”, “пәрменшіл” деген кісіні қажылық сапарға барып келді, содан оралған соң-ақ қой аузынан шөп алмайтын момақан, тәубашыл, сопы күйге түсе қалды деу күрделі мінез құбылысын түсінбеуден шығады.

Құнанбай жаратылысында мінездің адамы.

Мінездің адамы замана желі қалай соқса — солай ыңғай танытып, мүлде соны, бөтенше мінез қырынан көрініс бермекші. Екінші сөзбен айтсақ: күрделі мінездің

иесі күрделі ойлар, жұлынды істердің жетегінде жүреді, ылғи жұрттың ойына келмеген құбылыс иесі болып таныла түспекші. Таусылмайтын көкжиек есебінде көрінеді. Осындай мінез қырымен танылу мезетін бір сөзбен “бұрынғы күнәларын жуғысы келіп сопы бола қалды” деу әрі ұшқарылық, әрі мәселенің байыбына бармай бетінен қалқу болар еді.

Жоғарыда, мекке сапарынан оралғаннан кейін жұртқа қаратып айтты деген сөзін еске түсірейікші. “Халық бейне құмырсқа илеуіндей, оларды жетелеген ыстық жердің кепіеті емес, сөздің қасиеті, сенім күші”. Шыншылдығы мол кісінің осында сөз қасиетіне жүгінуі, соны тап басып тануы тұрғандай, Мұхаммед пайғамбардың артықшылығы да сол ұлы сөздің қасиетін түсінуінде жатыр: Шыны керек, ол заманда пайғамбар болу үшін халықты соңына ілестіре білетін адам болуы керек. Халық қайтсе ілеседі?.. нендей қасиетке тәубашылық етеді?.. Мысалға, Иса пайғамбар анау айтқан шешен тілді, өнерлі болмаса да саусағы киелі, асқан емші, емшілік қасиет қонған адам болған. Неше жыл сал боп жатқан, я болмаса есінен ауысқан кісілерді алақанымен бір сипаған кезде сауықтырып, аяғына мінгізетін, жынынан айыратын шарапаты дарыған. Дәуіт пайғамбар бұл дүниеде адам көзіне шалына бермейтін, өзге кеңістік пен басқа уақыт өлшемінде тіршілік ететін шайтанды бірінші көзбен көріп, сыпаттап жазған алғашқы ақыл иесі. Мұса пайғамбардың адам ойын алыстан оқитын қасиеті ерекше.

Ал, арғы-бергі зерттеушілерді оқып қарап отырсақ, Мұхаммед пайғамбар алақаны қасиетті емші де, жұрт көрмегенді көріп, сезе білетін қырағы да болмаған, ол кісі сөздің құдіретін сезінген ақын жанды ірі ойшыл адам болған. Ақ өлеңмен төгілдіріп, дестелеп сөйлейтін пәлсапашыл, ойшыл кісі. Құран кітабы сол кездегі сауатты, көзі ашық араб ғұламаларының сөз нақышымен дестеленген, біздіңше ақ өлең, арабша бәйіт деуге келетін, пәлсапалық ойдың жиынтығы, құрамасы. сол кітапты әуелі ауызша кестелеп айтып шыққан, қос шәкіртіне кезек отырғызып жазғызған, кейінше өзі үстінен қол жүгіртіп өңдеп шыққан Мұхаммед пайғамбар болса; құран әбден әзір болған соң “бұл жаратқан иенің сөзі, көктен түсірді... ал, өзім сауатсыз кісімін... кітапты тауып алушы ғана боламын” деп дүйім жұртқа жария жасауы — босқа айтылған әңгіменің ұштығы емес, бұл әңгімені таратушы Мұхаммед пайғамбардың тағы өзі. Міне осы сыр сан-

дықтың кілтін ашпаса да, іштей сезіп, ішіне мол-мол сыр бүгіп оралған Құнанбайдың “сөздің қасиеті” деп оқшау ойлап, тұспалдап түсіндіріп тұрғаны дәл осы гәп.

Ахат Шәкәрімұлының жазбасында былай жазылған. “Құнанбай ағаштан астылы-үстілі үлкен жатақхана салдырып, құдайы қылып, оған Қанатбай деген адамды күзетші, басқарушы етіп тағайындап қайтады. Әрі өжет, әрі қайратты жас Ізғутты қайраты қайтып қалған Құнанбайға жол ауырлығын көрсетпей, елге алып келеді. Меккеден келген соң, Құнанбай ел ісіне кіріспей, үйде отырып қалады”.

Ел ішінде ұшырасатын Құнанбай таратып айтты деген сөздерді теріп келтіре кетелік. “Адамның бәрі бақташы. Еркек өз отбасының бақташысы, одан сол сұралады. Әйел күйеуінің үйіндегі күзетшісі, одан күйеуінің үйі туралы жауап алынады. Күзетші, қызметші өз қожасының қазынасын, малын бағушы, одан солардың жайы сұралады. Ұл болса әкеден қалған абыройдың, аттың, дәулеттің күзетшісі, ол соған жауап беретін болады”. және бір сөз төмендегіше: “рахымсызға рахым жасалмайды, кешірімсізге кешірім етілмейді, біреудің өтінішіне құлак аспағанның тәубасы қабыл болмайды”. Жаратылысында аса қажырлы, ешкімге басын имей, өз отын өзі өшірмей, бейнетімен ғана бай санатына ілігіп, аға сұлтан дәрежесіне жеткен Құнанбайдың мінезі де үйші ұстаның тезге салып, иіп келтірген ағашындай болатын. Әрі қатты, әрі текті мінез осы.

Құнанбайдың қаттылығын тектілігі ылғи жеңіп, қиянатқа жібермейді екен.

Меккеге барып қажы боп қайтқан соң да баяғы бірбеткей мінезінен жаңылған жоқ, кешірімшілге кешірім жасай білді, рахымшымен ымыраға келе жүрді. Мұхтар Әуезовтің “Абай” романында Құнанбайдың ел шетінде отырған Қодар есімді батыршалыс жігітті келінімен қоса түйеге асып өлтірген қатал үкімінен басталатын оқиға бар. Бұл оқиғаны жазушы тартыс үшін әрі бояуын қалындатып, әрі шын мәніндегі болған оқиғаны роман желісіне орай сәл өзгертіп, иіп келтіріп алғаны рас. Шындығына келсек, Қодар баласы өлген соң әлде күйіктен, әлде басқа бір жағдайдан, бұл арасы зерттеушіге беймәлім, өзінің туған келінімен жақындасып қояды. Үлкен бір жиында бөтен рудың биі Құнанбайдың алдына дәл осы оқиғаны кесе көлденең тартып: “елінде дінді бұзған, салтты аттаған адам бар” деп бетіне басады. Құнанбай тосылып қалады.